



Батыс Қазақстан өнеркәсібі

Орындаған: Көшербай Қ.

Экл15-1

Жоспары

- *1. Батыс Қазақстан*
- *2. Өнеркәсібі*
- *3. Қалалары*
- *4. Экологиялық проблемалары*



Батыс Қазақстан

Аумағы: 736 мың км²

Облыстары: Ақтөбе облысы

Атырау облысы

Маңғыстау облысы

Батыс Қазақстан облысы

Халқы: 2057,2 мың адам

Халқының тығыздығы: 1 км²-ға 2,7 адамнан

Қала халқының үлесі: 50%

Қазақстан халқының ішіндегі үлесі: 12,8%

Батыс Қазақстан аймағы — Орталық пен Оңтүстік Қазақстан және Орта Азия мемлекеттерінің қақпасы болып табылады. Ол республиканың солтүстік-батысында орналасқан. Бай табиғи ресурстар, қолайлы географиялық мекен, Ресей қалалары мен өзге мемлекеттер арасындағы дамыған экономикалық байланыстар сыртқы экон

Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау және Ақтөбе облыстары кіреді. Бұл аймақ Республиканың ең шалғай батысы мен оңтүстік батысында орналасқан. Оның аумағы солтүстіктен оңтүстікке 1200 км-ге дейін, ал батыстан шығысқа 1300 км-ге дейін созылады. экономикалық ынтымақтастықтың дамуына көп септігін тигізеді.

Үлкен өзендер – Жайық пен Ембі. **Үлкен көлдер** – Индер, Аралсор, Қамыс-Самарские. Каспий теңізі бұл аймақта ең маңызды рөл атқарады. Мұнай шығару 100 жылдан бері дамып келеді. Атырау қара уылдырықты дайындау және сақтау орталығы болып табылады. Бұл жердің климаты - қатаң континенталды, құрғақ.

Өнеркәсібі

Батыс Қазақстанның әрбір облысы өзіне тән маманданған. Мұнай және газ өндіру ауданның барлық облысында жүргізіледі. Олардың арасында мұнайды көп өндіретіні Атырау облысы (республикалық өнімнің 30%), ал газды Атырау(49%) және Батыс Қазақстан (25%) облыстары. Атырауда республикамыздағы ірі мұнай өңдеу зауыты жұмыс істейді (республика бойынша өнеркәсіп өнімінің үлес салмағы (26%). Ауданның батысында Қарашығанақ мұнай газ конденсаты кен орны бар. Бұл жерде мұнайды өндірумен бірге жаңадан салынған зауытта мұнайды өңдеу жұмыстары қатар жүргізіліп, өндірісті одан ары дамытуда Жаңаөзен қаласында этан шығаратын газ өңдеу зауыты жұмыс істейді. Бұл газ Ақтау қаласындағы пластмасса зауытының шикізаты. Атырауда полиэтилен, полипропилен және пластмассадан жоғары температураға шыдамды заттар шығаратын зауыт бар. Ақтөбе облысындағы хром кені базасында қара және түсті металлургия салалары дамыған. Кен орнында Хром қосылыстары және ферроқорытпа зауыттары жұмыс істейді. Хром кенінің және хром қосылыстарының негізгі бөлігі жақын және алыс шетелдерге экспортқа шығарылады. Облыс аумағында никель де өндіріледі.

Химия өнеркәсібі негізінен Ақтөбе облысында шоғырланған. Ақтөбе лак-бояу зауыты және күкірт-борқышқылы мен минералды тыңайтқыш шығаратын Алғажимкомбинаты бар. Машина жасау өнеркәсібі көбінесе қосымша сала ретінде дамыған. Атырау, Орал және Ақтөбе қалаларындағы зауыттарда жетекші өнеркәсіп салаларына арналған машина және құрал-жабдықтар шығарады. Атырау зауыты мұнай-газ өнеркәсібіне арналған құрал-жабдықтар шығарады. Балықшы кентінде кеме жөндеу зауыты, Ақтөбеде рентген құрал-жабдықтарын шығаратын зауыт жұмыс істейді.

Өнеркәсіп

Отын-энергетика (Мұнай, газ АЭС)

Мұнай кен орындары-
Атырау, Доссор,
Мақат, Теңіз,
Қаражамбас,
Қаламқас,Прорва,
Қашаған т.б
Газ кен орындары-
Қарашығанақ
Газ өңдеу-Жаңаөзен
Мұнай өңдеу-
Атырау, Ақтау –
АЭС- 350 кВт
Ақтөбе-
ферроқорытпа

Машина жасау

Атырау-машина
жасау Ақтөбеде-
рентген
аппаратурасы
Оралда-
механикалық
Арматура, мия,
кеме жөндейтін
зауыттар бар

Химия

(лак-бояу,
пластмасса,
полиэтилен,
хром тұздары)
Ақтөбе-лак-бояу,
Пластмасса,химия,
Хром тұздары
Ақтау-тіс пастасы
Атырау-
полиэтилен

Тамақ

(балық, ұн
тарту,нан пісіру,)
Атырау-балық
өндіру, өңдеу комб.
Баутино, Балықшы-
балық-консерві зау.
Батыс Қазақстан,
Ақтөбе-ұн тарту,
нан пісіру
кәсіпорындары бар

Жеңіл

(тері-тон, киіз
басу,былғары,
аяқкиім, тігін тігу)
Орал-киіз
байпақ,тері
фабрикасы
жұмыс істейді.

Ақтөбе облысы

- **Облыс орталығы:** Ақтөбе
- **Құрылған уақыты:** 10 наурыз 1932 жыл
- **Аудандар саны:** 12
- **Тұрғыны:** 822 688 (2015 жыл) 8-ші орын
- **Тығыздығы:** 2,78 адам км²
- **Ұлттық құрамы:**
 - қазақтар 81,35%
 - орыстар 12,30%
 - украиндар 2,82%
 - татарлар 1,14%
 - басқалары 2,39% (2015 ж.)
- **Жер аумағы:** 2-ші орын- Барлығы 300 629 км²



Ақтөбе облысы теңдессіз минералды-шикізат базасын иеленіп жатыр. Оның территориясында көмірсутекті шикізатының, (мұнай, газ және газ конденсаты) Қазақстан территориясындағы барланған қорының 10% және болжамды ресурстарының 30%, сондай-ақ, республикадағы жалпы қордан отандық хромның барлық қоры, никель — 55%, титан — 40%, фосфор — 34%, мырыш — 4,7%, мыс — 3,6% , алюминий — 2%, көмірдің 1,4% жинақталған. Облыс әлемде хром рудасы қорының — 400 млн тн. шамасымен бірінші орынды, Қазақстанда мыс рудасынан — 100 млн тн.(құрамында таза мыс-1,5 млн.тн.) және өндірістік мұнай қоры — 900 млн.тоннасымен үшінші орынды, газ қоры бойынша Республика бойынша төртінші орынды иеленеді. Облыс Қазақстандағы ірі өнеркәсібі дамыған аймақтардың бірі болып саналады. Облыстағы экспортқа бағытталған ірі кәсіпорындары — «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» ААҚ, «Казхром» ТҰҚ ААҚ-ның құрамындағы Ақтөбе ферроқорытпа зауыты және Дөң тау-кен байыту комбинаты, «Ақтөбе хром қосындылары зауыты» ААҚ, «№406 ГА авиажөндеу зауыты», «Ақтөберентген» ААҚ-ның өнімдері таяу және алыс шетел рыноктарында кеңінен танымал. Облыс тау-металлургия, химия, мұнай өнеркәсібі және аспаптық жабдықтаудың қуатты базасы саналады. Қазақстанның барлық хром рудасы, хром тұздары өндірісі, рентгенаппаратура және республика бойынша өндірілетін ферроқорытпаның 45% шығаруды топтастырды.



Ақтөбе облысы



**Ақтөбе ферроқорытпа
зауыты**



**Ақтөбе хром қосындылары
зауыты**



**Ақтөбе полиэтилен
құбырлары зауыты**



Ақтөбе керамика зауыты

Атырау облысы

Құрылған уақыты: 1640

Бұрынғы атауы: Усть-Яицкий қалашығы, Нижний Яицкий қалашығы, Гурьев.

Қала статусы: 1885

Жер аумағы: 3500 км²

Климаты: қатаң континенталды, қуаң

Тұрғыны: 217 312 адам (2013)



Жалпы республикалық өндіріс көлеміне шаққанда, облыстың үлес салмағы мұнайдан -58,8%, табиғи газдан -10,6%, балық аулау мен басқа да теңіз өнімдерін өндіруден -65,5%, электр қуатын өндіру бойынша -3,4%. Теңіз кен орны мен Каспий қайраңындағы мұнай қоры Қазақстан бойынша анықталған қорлар мен ресурстардың 80%-н құрайды.

2010 жылы өнеркәсіп өнімінің көлемі қолданыстағы бағамен 3 059,7 млрд.теңге құрады, өндірілген өнімнің нақты көлем индексі - 113,8 %.

Өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі үлес салмағы 90,9% құрайтын тау-кен өнеркәсібінде 2780,9 млрд.теңге сомасына өнім өндірілген, нақты көлем индексі - 112,7%.

2010 жылдың ішінде облыс бойынша 30 млн тонна мұнай немесе 2009 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 113,1% және 13,6 млрд текше м. ілеспе мұнай газы немесе 118% өндірілді.

Өңдеу өнеркәсібінде өнеркәсіп өнімінің көлемі 250,6 млрд теңге сомасын құрады, бұл 2009 жылдың деңгейінен 34,8%-ға артық.

- **Облыс аумағында өнеркәсіп саласында:** «Ембімұнайгаз» ӨФ, «Облаймақсгаз» КМК, «Қазмұнайгаз», «Прикаспийбурнефть Қазақстан», «Теңізшевройл», «Атырау мұнай өңдеу зауыты», «Атырауоблгаз» ЖШС-рі, «Атыраубалық», «Атырау ЖЭО», «Атыраужарық», «Атырау жылу желілері» АҚ-ры, «Атырау су арнасы» КМК-сы;
- **құрылыс саласы бойынша:** «Энка Иншаат Ве Санайи Аноним Ширкети», «ПФД интернешнл» компаниясының АФ-ры, «Сенімді құрылыс» ЖШС-гі, «НГСК Қазқұрылыссервис» АҚ-ның филиалы, «Гате Иншаат Таахают Санайи Ве Тиджарет» АҚ-ның Екінші Қазақстандық филиалы,
- **сауда саласында:** «Идеал», «Атаба», «Атырау Виват», «Гелиос» ЖШС-нің АФ-ы, «КМГ Жайық» ЖШС-нің АФ-ы, «Медицина» АҚ-ы;
- **байланыс саласында:** «ҚазТрансКом», «Қазақтелеком акционерлік қоғамы», «Транстелеком», «Қазпошта», «Қазтелерадио» АҚ-ы;
- **транспорт саласы бойынша:** «Авиакомпания ҚазЭйрУест», «Авиакомпания „Атырау Әуе Жолы“» АҚ-ры, «Бертлинг Казах Поджистикс», «Батыс Транспорт Сим» ЖШС-рі, «Атырау өзен порты» АҚ-ы жұмыс жасайды.



Атырау облысы




Атырау мұнай өңдеу зауыты



Атырау химия зауыты




Атырау облысы – Қазақстанның дамылсыз дамыған өңірінің бірі. Өңірде алты жүзден астам өнеркәсіп кәсіпорындары қызметін атқарады. Республика өнеркәсіп көлемінің ширек бөлігі облыста өндіріледі.



Өнеркәсіп құрылымы

Өнеркәсіп салаларының үлесі



Батыс Қазақстан облысы



- **Облыс орталығы:**Орал
- **Құрылған уақыты:**1868 жылы
- **Аудандар саны:**12
- **Тұрғыны:**629 932 адам(2015 жыл)
- **тығыздығы:**4,06 адам/км²
- **Ұлттық құрамы**
 - қазақтар 74,69 %
 - орыстар 20,63 %
 - украиндар 1,60 %
 - татарлар 1,35 %
 - басқалары 1,73% (2015ж.)
- **Жер аумағы:**8-ші орын
- **Барлығы:**151 339 км²
- **Экономикалық ауданы:**Батыс Қазақстан



Қысқаша мәлімет

Орал – қала (1775 жылдан), Батыс Қазақстан облысының орталығы (1932 жылдан), ірі темір жол станциясы, Жайық бойындағы өзен порты, өуе жолдарының торабы. Қала Батыс Қазақстан Жайық өзенінің жағасында орналасқан.

Ол Қазақстанның солтүстік-батыс аймағында орналасқан. Ресей Федерациясының Астрахань, Волгоград, Саратов, Самара, Орынбор облыстарымен және Қазақстанның Атырау, Ақтөбе облыстарымен шектеседі. Өкімі - Оразов Самиғолла Хамзайұлы.



Машина жасау және металл өңдеу

Қазіргі кезде бұл саладағы өндірістің негізгі бөлігі «Орал-Зенит зауыты», «Орал «Металлист» зауыты», АҚК, «Омега», «Гидроприбор» ҒЗИ, «Орал арматура зауыты» - ның үлесіне тиіп отыр. Бұл кәсіпорындарда осы заман талабына сай кәсіп өндірістік корпустар мен құрал-жабдықтар бар, тәжібиелі де ылекті жұмысшы және инженер-техник кадрлар легі қалыптасқан. Олардың шығарған өнімдері ТМД елдеріне де, шетел тұтынушыларына да кеңінен танымал.



Құрылыс материалдары

Облыста құрылыс материалдары өнеркәсібін дамытуға мүмкіндігі мол. Геологтар 100-ден астам кен орындар барлап, цемент өндіруге шикізаттар көзін, құм-қиыршық қоспасын, бетон мен қабырға материалдарын ауыстыратын жеңіл түзілімдер қорын тапты. Мұның келешекте облыс аумағына шеттен цемент, гипс, қиыршық тас, құм және тағы басқа материалдар тасымалдау шығынын шегеруге мүмкіндік бермек. Қазіргі кезде жергілікті құрылыс индустриясының сапында *«Орал құрылыс материалдарды өндірістік белгісі»* (УПОСМ), *«Орал әк зауыты»* (УИЗ), *«Орал силикатты кірпіш зауыты»* (УЗСК), акциялық қоғамдары толық өндірістік қуатпен жұмыс істеуде. Соңғы кездерде Ақсуат пен Тасқала маңындағы шикізат игеру мақсатында, «Орал цемент» кәсіпорыны құрылып, зәру өнім түрімен Батыс Қазақстан аумағын - Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе сондай-ақ, Қызылорда мен Қостанай облыстың құрылыс алаңдарын қамтамасыз етуге жұмсануда. Жол құрылысын жақсарту үшін Орпл асфальт-бетон зауытымен қатар Ақсай қаласы мен Жәнібек ауданында осындай кәсіп орые іске қосылмақ. Орман және ағаш өңдеу кәсібінде де 1997 жылдан өндіріс көлемі артып келеді. 1963 жылдан бастап, Орал қаласында іске қосылған «Орал жиһазы» комбинатының «Сатурн», «Слава», тағы басқа үй жиһаздары әлі күнге дейін жоғары сұранысқа ие.

Экологиялық проблемалары

Каспий теңізі алабындағы мұнай және газ кен орындарын кең көлемде игеру теңіздің және жағалаудың экожүйесіне қолайсыз әсер етуде. Игеру нәтижесінде мұнай қалдықтары топырақ қабатын, теңіз суларын ластануда. Мұнаймен ластанған аймақтың жалпы ауданы 200 мың га, қуаттылығы 100 мкР/сағ өлшемде болатын радиоактивті заттармен ластанған жердің ауданы 600 гектардан артық. Каспий теңізінің Маңғыстау облысы жағалауындағы теңізі суының ластануы белгіленген концентрациядан 8-13 есе артық. Физикалық география курсынан сіздерге таныс Каспий теңізінің деңгейі соңғы кездері жоғары көтерілуде. Нәтижесінде мұнай-газ кешендерінің біраз нысандары су астында қалып, экологиялық жағдайын одан бетер ушықтырып жіберді. Каспий теңізінің дүниежүзілік маңызының бірі - бекіре тұқымдас балықтарының мекенжайы. Қазіргі таңда Каспийдің, биологиялық байлығын сақтап қалу дүниежүзі қауымдастығының өзекті мәселесі болып отыр. Мұнайды өндіру кезінде әр түрлі заң бұзушылықтар орын алады. Ілеспе газ ашық ауада алау күйінде жануда, қоршаған орта қалдық сулармен ластануда. Алдағы уақытта теңіздің қазақстандық бөлігіндегі көмір сутегін жан-жақты игеру тек осы аймаққа емес, бүкіл мемлекетіміздің экологиялық жағдайына кері әсер етуі мүмкін.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!